



1920-30 Ж.Ж
СЯЯСИ
РЕПРЕССИЯ

Жоспар:

- ▶ Кіріспе
- ▶ I.Репрессияның саяси идеологиялық қайнар көздері мен жүргізілу себептері
- ▶ II.Қазақстандағы 1937-1938 жылдардағы репрессия және оның тарихи
 - 1)Қазақстандағы 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін
 - 2)1937-1938 жылдары репрессияға ұшыраған қайраткерлер
- ▶ Қорытынды
- ▶ Пайдаланылған әдебиеттер

1931-1933 жылдардағы аштық.



1929-1930 жылдардың қысында жұт болды. 1931 жылы көктемде Алматыға жер-жерден аштық жөнінде мәліметтер келіп түсе бастады. Алайда өкмет оларды жоққа шығарып, әкімшілік қысымды қатайтты.

Аштық пен қуғын-сүргіннің қысымымен қазақтар бүкіл ауыл болып шектес облыстарға, республикаларға көше бастады.

Бірнеше жүз мың қазақ Қытай, Моңғолия, Иран, Ауғаныстанға қоныс аударды.

1931-1933 жылдары аштықтан, суықтан, аурулардан 2,1 млн-дай қазақтар мен 200-250 мыңдай басқа ұлттардың өкілдері қаза тапты.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ЗАРДАПТАРЫ:

Қазақстан 20-жылдардың II жартысы мен 30-жылдары бірінші рет феодализмнен капиталистік қоғамға соқпастан социализмге өту идеясын жүзеге асыру әрекеті жасалды.

30-жж Қазақстан жөніндегі саясат осындай сынақ мақсатында жүргізілді. Бүгінгі күннің көзқарасы бойынша ол мынадай перспективаларды көздеді:

- ❖ саяси салада: қазақ халқының тілі мен тарихын жою, саяси тәуелсіздігі, шынайы егемендігінен айыру, Қазақстанда «Кіші Қазан» жоспарын жүзеге асыру;
- ❖ әлеуметтік-экономикалық салада: Қазақстанды елдің шикізат базасы ретінде дамыту, қазақ халқын отырықшылыққа көшіру мен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру;
- ❖ ұлтаралық қатынастар саласында: ассимиляция саясатын жүзеге асыру есебінен республиканың ұлттық әлеуетін (күш-қуатын) «жақсарту».



Шаруалар көтерілісі

ОГПУ-дің деректері бойынша 1929 жылы Қазақстанда жалпы саны 350 адамнан тұратын 31 көтерілісшілер отряды болды.

1930-1932 жылдары көтерілісшілер 2 мыңға, 1932-1933 жылдары 3,2 мың адамға жеткен.

Голощекиннің Сталинге 1931 жылы желтоқсанда жазған хатында Қазақстан аумағында 15 ең ірі көтеріліс туралы айтылады. Республикада 80 мыңдай адам қатысқан шаруалардың 400 –дей бой көрсетулері болып өтті. 5 мыңнан астам көтерілісшілер Кеңес өкіметіне қарсы шыққаны үшін сотталып, ГУлаг лагерлеріне қамалды, олардың 883-і атылды.



Қазақстанда лагерьлер жүйесі.

- Степлаг – Далалық лагерь.
- Қарлаг – ерекше режимді Қарағанды еңбекпен түзеу лагері.
- ЧСИР – Отанға опасыздық жасағандар отбасыларының мүшелеріне арналған лагерь.
- Алжир – Отанға опасыздық жасағандар әйелдерінің Ақмола лагері.
- Гулаг – Лагерьлер Бас Басқармасы
- Үштіктер – үш адамнан құралған комиссия
- БМСБ (ОГПУ) – Біріккен мемлекеттік саяси басқарма.

Зиялы қауымды жаппай қудалау



1937-1938
жылдары қазақ-
кеңес әдебиетінің
көрнекті
тұлғалары: С.
Сейфулин, Б.
Майлин, І.
Жансүгіров
жазаға ұшырап
өлтірілді.

Жүсіпбек Аймауытов



1929 ж. басталған кеңестік қуғын-сүргін кезінде Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген жаламен тұтқындалып, ұзақ тергеуден кейін 1931 жылы ату жазасына сырттай үкім шығарылған.

Міржақып Дулатов



1930 жылғы сәуірде М. Дулатовты ату жазасына үкім шығарып, кейін 10 жыл қамауға ауыстырылды. 1935 жылы 5 қазанда М. Дулатов Соловки лагерінде қайтыс болды.

Қарлағта азап шеккендер:

- **А.Л.Чижевский**

- Салмақсыздық жағдайындағы қан айналымы теориясының авторы

- **В.Л. Пржецлавский**

- Жылу техникасы жөніндегі ірі маман

- **В.С.Пустовойт**

- Атақты селикционер
- Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері

- **Н.В. Тимофеев-Ресовский**

- Радиациялық генетиканың негізін салушы

Жазалау шаралары:

- Жеке адамды, халықтарды жер аударды;
- Жер аудару;
- Еңбекпен түзеу лагерлеріне қамау;
- КСРО-дан тыс жерлерге қудалау.

I сатылы мектеп
(оқу мерзімі 4
жылдық)

Жетіжылдық *

I сатылы мектеп (оқу мерзімі 4 жылдық)	II концентр (оқу мерзімі 3 жылдық)
--	--

Тоғызжылдық

I концентр (оқу мерзімі 4 жылдық)	II концентр (оқу мерзімі 3 жылдық)	III концентр (оқу мерзімі 2 жылдық)
---	--	---

Техникум (3-4
жыл оқытады)

Фабрика - зауыттық училище	Ауыл жастары мектебі	Қазақтар үшін дайындық мектебі
----------------------------------	----------------------------	--------------------------------------

ЖОО (оқу мерзімі 3-4 жыл)

Жұмысшы факультеті
(оқу мерзімі 3-4 жыл)



ҚОРЫТЫНДЫ

- ▶ Өз ұлтын сүйетін, ұлтының болашағы үшін өткен тарихтан сабақ алар тұстар көп екенін білетін ұрпақ өз тарихын қалыптастырған өр тұлғаларды ешқашан ұмытпас. Статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек ашаршылық жалмаған жылдары 2,3 млн.дай, бірнеше рет қайталанған қуғын сүргінге ұшыраған 125 мыңдай қазақтың жартысына жуығының қаны қара жерге сіңген екен. Оның сыртында жаппай жала жабу, кәмпескелеу мен ұжымдастыру сияқты ұлтымызға қарсы бағытталған алапат апатты жылдары туған даласының топырағынан тірідей айырылып, жер бетіне тарыдай шашырап, тоз – тоз болып кеткен сан мыңдаған қазақты қосыңыз. Бұл ұлтымыздың тарихы. Әрбір қазақтың баласы осы қайғы-қасіретті ұмытпауы парыз. Өйткені бұл күн – Алаш азаматтарының азалы күні!